

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

МҮСІРЕПОВА ГҮЛБАНУ БЕРКІНБАЙКЫЗЫ

*Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шу ауылы
Ж.Қаламбаев атындағы шағын жинақты
жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Алға қойған мақсатым - Тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашақ тұлғаларын білім нәрімен сусындату. Талабы таудай, дарыны мол, іздемпаз, жан жақты, өз идеясын жүзеге асыра алатын, шығармашылық дарыны мол бала тәрбиелеу. Білім негізі бастауышта деген сөзді ескере отырып.

Оқушылардың шығармашылық дарынын дамыту, Отанға деген сүйіспеншіліктерінгін арттырумыз қажет. Еліміздің ертеңгі болашақ ұрпақтарын білімді, жаңашыл, өмірден дұрыс жол таба білу үшін өздігінен Саналы шешім қабылдай білуге үйретуіміз қажет.

Дарын дегеніміз адам бойындағы негізінен ана сүтімен, ата тегімен даритын құбылыс екенін өмір тәжірибесінде дәлелдеп отыр. Дарын ол баланың белгілі бір дүниеге психологиялық қабилеттілігі. Осы қабилетті дер кезінде Анықтап оны одан әрі дамыта білу ұстаздар еншісінде.

Дарынды баланы анықтауда, дарынды бала ерекшелігі пәнге деген қызығушылығы өте жоғары. Есте сақтау қабилетті жақсы, сөздік қоры үлкен, пәндер арасындағы байланысты қабылдай алу және сәйкес тұжырымдар жасауы, тез шешім қабылдамауы, немесе берген сұрағыңа ойланып толықтай жауап беру.

Дарынды баламен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты:

Өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту. Пәнге терең қызығушылығын арттыру. Оқушының әсерлік сезімін қалыптастыру. Оқушының деңгейін анықтау сайыстар, ойындар, кім жылдам, кім тапқыр ойындарын өткізу керек. Оқушының шығармашылық пен айналысуына мектепте, сабақ үстінде қолайлы жағдай жасау.

Шығармашылық жұмысқа баулып олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу. Шығармашылық қабилеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытып отырамын. Оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне қарай қабилеттерін аша отырып ойын, қиялын дамыту, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырып, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой пікірлерін дамыту.

Оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының белсенділігін дамыта отыру арқылы мақсатқа қол жеткіземіз.

Міндеттері: Оқушының белсенділігін қалыптастыра отырып шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын Үйрету. Жан жақты ақпараттандыру. Жеке қабилеттеріне қарай ұжымдық жұмыстан бөлінбеуін қадағалап, қолдау көрсетіп ,әр деңгейдегі жеке тапсырмаларды деңгейіне қарай бөліп беремін . Әр баланың шығармашылық белсенділігін арттыру, түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, сайыстарға, ғылымт жобалар мен байқауларға қатысуларына қолдау көрсетемін.

Менің Оқушыларға сенімділік көрсетіп, Іс әрекетіне ерік беріп, жігерлендіру. Адамгершілік қасиеттерін арттыру Өз ойын еркін айтуға бағыттау Ойы ұшқыр шығармашылық қабілеті жоғары, өмірге икемді ,жан жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Баламен жеке сыйластық және сенімді қарым қатынас орнату.

Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлап, жауап береді.

Дарынды бала ішкі сезім жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын . Әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады . Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттер өмірге құштарлық, биік ізгіліктің кілті мыңды жығатын білімінде. Дарынды бала әр түрлі күрделі тапсырмаларды шешуге дайын болады, олардың сөздік қоры бай және ойларын ерекше бірдіреді. Әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытқа жетелеу әр ұстаздың міндеті. Өз тәжірбиемде дарынды оқушымен жұмыс жүргізе білдім. Дарынды балаларға ақын, жазушылардың өмірбаяндары туралы реферат жаздырып, өлеңдерін жаттатудан бастадым.

Мақал-мәтел жаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуды үйреттім. Математикаға қызығатын балдарға ең бірінші менталды арифметикадан бастадым.

Олардың жетістігі мен үшін қуаныш еңбегіңнің жемісі екенін сезесің Абай атамыз айтқандай «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға

Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегендей, келекшекте де қоғамымызға өз пайдасын келтіріп, ұғымтал зерделі шәкірттерді тәрбиелеп, қанаттарын қатайтып ұшыру біз ұстаздардың парызымыз деп білемін

№ E00023 14.09.2021 ж

Көркем еңбек пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

ТІЛЕМБАЕВА ДАНАГҮЛ БАҒДАТҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы. Ақтау қаласы

№ 19 мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәні мұғалімі

Көркем еңбек пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым –қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде .

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену –Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- азаматтық нарыққа қатыса алады;
- өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты.

Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау. Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы . Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация –оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

- оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану

- сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану

Көркем еңбек - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады.

Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн .

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады. Технология сабағында жобалау әдісін қолдану

Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады.

Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін.

Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды .

Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі.

Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.

2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады

3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады.

4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже:

5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек.

Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

№ E00028 14.09.2021 ж

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

ЖАКУПОВА САУЛЕ ЖАКСЫЛЫКОВНА

*СҚО, Айыртау ауданы Саумалкөл қазақ орта мектебінің б
астауыш сынып мұғалімі. Педагог – зерттеуші*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделі жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін.

Қызығушылықты ояту кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын.

Мағынаны ашу– кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан

оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы.

Ой толғау-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.

Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер еңгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді.

Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады.

Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі, жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді.

Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын.

Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

РАБАТОВА ЛАУРА БАКТЫБАЙКЫЗЫ

Алматы облысы. Талдықорған қалсы

№ 12 «Байтерек» бөбекжайының дене шынықтыру пәні жетекшісі

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты. А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр–ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді.

Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.
- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
- Жалпы мектепішілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепішілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады.

Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Эффективность дистанционного обучения

КЕНЖЕБАЕВА СВЕТЛАНА КОШКАРБАЕВНА

Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Қызан ауылы

Ә.Жангельдин мектебінің орыс тілі пәні мұғалімі

Дистанционное образование – «комплекс образовательных услуг, предоставляемых широким слоям населения в стране и за рубежом с помощью специализированной информационной образовательной среды, базирующейся на средствах обмена учебной информацией на расстоянии.

Дистанционное обучение – «новая организация образовательного процесса, базирующаяся на принципе самостоятельного обучения студента.

Среда обучения характеризуется тем, что учащиеся в основном, а часто и совсем, отдалены от преподавателя в пространстве и (или) во времени, в то же время они имеют возможность в любой момент поддерживать диалог с помощью средств телекоммуникации».

Дистанционное обучение – «это новая ступень заочного обучения, на которой обеспечивается применение информационных технологий, основанных на использовании персональных компьютеров, видео- и аудиотехники, космической и оптоволоконной техники».

Дистанционное обучение – это «взаимодействие преподавателя и обучающихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) и реализуемое специфическими средствами Интернет-технологий или другими средствами, предусматривающими интерактивность» и «это самостоятельная форма обучения, информационные технологии в дистанционном обучении являются ведущим средством».

В законе «Об образовании Российской Федерации» «под **электронным обучением** понимается организация образовательной деятельности с применением содержащейся в базах данных и используемой при реализации образовательных программ информации и обеспечивающих ее обработку информационных технологий, технических средств, а также информационно-телекоммуникационных сетей, обеспечивающих передачу по линиям связи указанной информации, взаимодействие обучающихся и педагогических работников.

Под дистанционными образовательными технологиями понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с применением информационно-телекоммуникационных сетей при опосредованном (на расстоянии) взаимодействии обучающихся и педагогических работников».

Из этого множества определений наиболее точным считается следующее: **дистанционное обучение** – это «совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения, предоставление обучаемым возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе обучения».

Существует большой набор средств, которые могут быть использованы для организации взаимодействия обучающегося и преподавателя.

Наиболее широкое распространение в начальной школе получили следующие:

Электронная почта. Данная форма взаимодействия доступна для обучающихся и среднего, и начального звена. Преимущество заключается в том, что обучающийся может выполнять задание в удобное для него время, используя все необходимые ресурсы. Недостаток же в том, что преподаватель не может в реальном времени «сопровождать» и «направлять» учащегося.

Использование программы «Скайп» (Skype), позволяющей общаться через сеть интернет по всему миру. В этом случае преподаватель может давать необходимую консультацию непосредственно в процессе выполнения работы, обсуждать с обучающимся ход её выполнения, полученные результаты, вносить необходимые поправки.

Сложности возникают с визуализацией работы учащегося, так как это происходит либо через веб-камеру, а качество сигнала не всегда позволяет это сделать, либо через электронную почту, что опять же приводит к «растянутости» во времени.

Гугл-документы. Данный ресурс можно использовать и при работе с документами, и с презентациями, и с таблицами. При этом доступ к ним может быть одновременным, т.е. преподаватель «видит», как обучающийся выполняет задание, может корректировать его работу. Недостаток данного ресурса в том, что есть ряд стран, которые ограничивают работу данного браузера и использование его ресурсов становится невозможным.

Moodle — система управления курсами, также известная как система управления обучением или виртуальная обучающая среда, которая представляет собой веб-приложение, предоставляющее возможность создавать сайты для онлайн-обучения. «Задания могут решаться как в специальных тетрадях, так и на личной страничке, открытой в веб браузере на компьютере у обучающегося. Личная страничка отображает содержимое веб сайта, например, созданного в специальной системе управления обучением «Moodle».

На этой страничке обучающийся, пройдя авторизацию, может выбрать предмет обучения, посмотреть задания, отправить их на проверку, посмотреть вспомогательные материалы и т.д.

В свою очередь, этот веб сайт размещаются точно так же как и миллионы обычных веб сайтов интернета, на сервере, специально выделенном или виртуальном хостинге. Соответственно, преподаватель имеет свой уровень доступа к системе и имеет несколько более широкие возможности, по сравнению с обучающимися. Может создавать и корректировать содержимое учебных курсов, просматривать задания и т.д. Тестовые задания, как правило, проверяются сразу в автоматическом режиме. А результаты учебы заносятся программой и преподавателем в электронный журнал».

Возможно также использование различных чатов, блогов, форумов, видеоконференций и т. д.

При выборе средства организации взаимодействия с обучающимся преподаватель прежде всего должен ориентироваться на те, которые доступны учащемуся в силу возраста и навыков работы с информационно-компьютерными технологиями, но при этом необходимо постепенно знакомить его и другими, так как это создаст у ребёнка дополнительную мотивацию, сделает процесс обучения более разнообразным, поможет повысить качество освоение учебного материала.

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

КУМАЖАНОВА МЕРУЕРТ СЕРИКОВНА

Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы
«Айгөлек бөбекжай»КМҚК. Тәрбиеші.

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр.

Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі.

Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша таңдау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын

белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып

қойыпнемесетақтайшадаұқсас формаларғаорналастыру).

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді

құру.

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады. Ол сабақтардың бағдарламасы-

мен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Сенсорикадағы дидактикалық ойындар мектепке дейінгі кіші жастағы балалар үшін сан туралы білімдерін кеңейтуге және бекітуге үлкен мүмкіндіктер береді: « бір » және « көп »; заттардың теңдігі туралы, өрнектерді түсіну: сонша — қанша, тең, бір бірден — көп –бір де. Заттар салыстырып, олардың шамаларын т түсіну: ұзын — қысқа, бірдей, жоғары — төмен, кең — тар, жуан — нәзік, көбірек — аз.

№ E00032 16.09.2021 ж

Музыка пәнін оқытудың заманауи аспектілері

СЕЙТОВА АРДАК КЕНЖЕШОВНА

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы

№ 19 мектеп - гимназиясының музыка пәні мұғалімі

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында.

Ал жаңа бағдарлама ұстаздарға қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар.

Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек.

Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты.

Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақта тақырыпқа байланысты музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыканың әр саласындағы белгілі композиторлар өмірімен,

Қазақстандағы, әлем елдеріндегі композиторлар мен музыка жұлдыздары, тағы да басқа музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру – мақсат.

Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың, тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет. Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздері де сабақта әр тапсырманы белсенділікпен орындауға дағдыланады.

Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, сол себепті оқушы білімді өздігінен іздену арқылы білім алуына себептер мен жағдайлар жасап отырамын. Осы тұста мен К.Д.Ушинскийдің «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» - деген сөзіне сүйенемін.

Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін.

Сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Курстан алған білімді жүйелі түрде қолданып сабақтың қызықты, сапалы өтуіне аса мән беремін. Сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы, көп нәтижеге жетуге болатынына толық көзім жетті.

Жұптық жұмыстағы диалогтік сұрақтар мен тапсырмаларды сабақ барысында іске асыру үлкен шеберлік пен тапқырлықты талап етеді.

Сол себепті мен сабақты түрлендіріп өткізуге мән беремін. Әр сабақ сайын оқушылардың асыға күтетін сәттері ол топқа бөліну. «Ырыс алды – ынтымақ» - деген мақсатты басшылыққа ала отырып сынып оқушыларын топтастырамын. Жұпқа бөлудің өзі оқушы назарын аудару, қызықтыру үшін тақырыпқа сай бөлуге тырысамын. Жұпқа бөлінгенде оқушылар арасында тепе-теңдік орнап, тапсырманы бірлесе отырып білімдерімен бөліседі.

Мұның өзі үлгерімі төмен оқушы үшін де маңызы зор. Өйткені берілген тапсырманы орындау кезінде әрбір оқушы өз үлесін қосады.

Дамыту бойынша бірнеше сабақ үлгілерін жасадым, эксперимент ретінде ашық сабақтар өткіздім.

Оқушылармен жұмыс жасауда тақырып туралы толғаныс, ой толғаныс, тақырыпты түсінуге қызығушылықты, белсенділікті арттырады.

Осы сабақтарды өткізе отырып стратегиялардың бағыттарына сай әрбір оқушы өз пікірін айтады, салыстыра зерттеуге үйренеді, бірлесіп білім алуға жауапты іс-әрекет қалыптасады.

Сын тұрғысынан шындалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады.

Оқушылар өз ойларын ашық айтуға, басқалардың ойын тыңдауға үйренеді.

1. Осы дағдыларды негізге ала отырып;
2. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын ояту;
3. Ойлау қабілеттерін арттыру барысында сөздік қорын дамыту;
4. Өздігінен ойларын еркін жеткізе білуге үйрету;
5. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бүгінгі күні Қазақстандағы білім беру жүйесінде оң өзгерістер байқалуда.

Жаңа оқыту бағдарына бет бұру күн тәртібіндегі басты мәселе. Жарық көріп жатқан әдістемелік құралдар мен инновациялық технологиялар қатары көбеюде. Жаңа технологиялардың артықшылығы-білім беруді ізгелендіру мен демократияландыру қағидаларынан көрінеді.

Оқушыға:

- 1.Өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру;
- 2.Ойын дамыта өзгертуіне мүмкіндік беру;
- 3.Шығармашылық жұмыстағы еркіндікке мүмкіндік беру;
- 4.Кез келген мәселені өзінше шешуге мүмкіндік беру;
- 5.Баға беруге, таңдау жасауға мүмкіндік беру;

Оқығанын өмірмен байланыстыруына, өмірде қолдана алуына мүмкіндік беру.

Сын тұрғысынан ойлаудың стратегияларын сабаққа қолдану барысында «**Қызығушылығын ояту**» кезеңі мұғалім үшін ең басты мәселе болу керек.

Сонымен қатар оқушы барлық жұмыстарды өзінің шығармашылық қайнауынан өткізу арқылы ғана сабақты бағалап, мәселені шешуге ұмтылады.

Ол сол арқылы ешкімге ұқсамайтын жол іздейді, өзінше болжайды және оқушылар үшін мұғалімнің оны мән беріп тыңдауы сонша маңызды екенін ұмытпағаны жөн.

№ E00035 16.09.2021 ж

«Мамандығым – психолог»

ШАБИКОВА ЖУЛДУЗ БАЗАРБЕКОВНА

*Ақтөбе облысы, Алға ауданы
ЖСШ " Нұр Бала Би " балабақша психологы*

Қазіргі заманда адамның тұтыну құралдарының дамуы артқанымен, адам бойындағы асыл қасиеттердің құндылығы азайып келе жатыр.

Күн ұзағына пенделік қым-қуат тірлікпен арпалысқан адам бір сәт жабырқау тартқан жанына рухани қуат іздейді. Сол сәтте оның жағдайын түсініп, көмек қолын созатын адам психолог қана. Психологпен әңгімелесу сананы сілкіндіріп, тұнық ойлардың тұма көздерін ашары бүгінгі күні дәлелденген шындық. Тағы бір еске ұстайтын жайт бала тәрбиесіндегі психолог маманының орыны.

Бүгінгі баланы еш нәрсемен қызықтыра алмайсын. Техника әлдилеген сәбилер, қазіргі балалар шынайы ойындарға құмар емес. Компьютер мен ұялы телефон балаларымыздың 4-5 жастан бастап сенімді серігіне айналды. Тоқтаусыз тіршілікпен арпалысып жүрген ата-ананың оның тәрбиесіне уақыты да, мұршасы да келе бермесі анық. Ал психолог маман бұл тұрғыда жас өскіннің жетіліп өсуіне, оның көк тіреген дараққа айналуына септігін тигізер бағбан іспеттес.

Осындай адам тағдыры ұстара жүзінде тұрған уақытта әр жүрекке мейірімділік шуағын ұялатып, адамдар арасындағы махаббат пен достықты, адалдық пен шыншылдықты, ақпейілділік пен дархандықты нығайта түсетін жан өте қажет. Сондықтан психолог мамандығы өзінің өміршеңдігін жоймақ емес. Бұл кәсіп адамзат баласы тіршілік етіп тұрған уақытта қай кезде де құндылығын жоғалтпайды.

Кеше ғана өткен жастар жылының ашылуына арналған форумда Елбасымыз айтпақшы «Болашақта барлығын жасанды интелект басады, тек кейбір мамандықтар ғана өз маңыздылығын жоймайды» деп, осы мамандықтар қатарында менің мамандығым ойып тұрып орын алады деп сенемін.

Әрине, заман ағымына қарай адамның психологияға, жалпы психологтарға деген көзқарасы, қатынасы өзгермес үшін біз осы мамандықты ұстанушылар оның беделін түсірмей, керісінше асқақтата білуіміз қажет.

Негізгі кез-келген жұмыстың нәтижелі болуы, ол біздің жұмысқа деген қатынасымызға байланысты деп ойлаймын.

Қазіргі жаһандану заманында мамандыққа қойылатын талап та адамның оған деген көзқарасы да қатты өзгерді десем келісетін шығарсыздар?

Яғни, елімізде қазіргі уақытта талқыланып жатқан педагог мәртебесі, біздің мамандыққа да жат емес ұғым. Қазіргі балабақшаға келетін ата-ананың балабақшаға деген сенбестік көзқарасы, психологтардың шынайы жұмыстан гөрі, сансыз көп жиналыстардың тыңдаушысы болып жүруі, мамандық бойынша нақты ортақ бағдарламалардың жоқтығы, психологтың әлеуметтік беделінің төмендеуіне өз әсерін тигізбей қоймайды.

Әрине, біз адамдар кез-келген қиындық үшін басқаны немесе мемлекетті кінәлауға асықпыз, бірақ негізі кез-келген іс-әрекет адамның өз ісіне жауап ретінде болады, не ексең соны орасың дегендей. Мысалы, бір дана келе жатса, алдынан тас тиелген ауыр арбаны итеріп келе жатқан адамды кездестіреді. «Сен не істеп келе жатырсың?»- деп сұрайды дана одан. Ол: «Көрмей тұрсың ба, мына қарғыс атқыр арбаны сүйреп келемін», — деп жауап береді. Алдынан екінші арбаны сүйреген кісі шығады.

Сондай сұраққа ол «Не істейін ойнап жүрген жоқпын, ақша табудың амалын жасап жүрмін»,- дейді. Тап сондай арбамен үшінші адам келеді. «Ал сен не істеп келесің?» деген сауалға ол: «мен ана тұрған қасиетті мешітті салып жатырмын» — деп қуана жауап беріпті. Барлығының да салып жатқандары мешіттің құрылысы екен. Бәрінің орындап жүрген жұмысы бірдей, бірақ сол еңбекке қатынасы, көзқарасы әр түрлі.

Міне, жақсы психолог пен жаман психолог, жақсы мұғаліммен мен нашар мұғалім, жақсы маман мен жаман маман деген бағаға неліктен, не себепті ие болатынымызға жауап тапқандаймын. Ол өз қызметіңе, алдындағы ісіңе, яғни балаға деген қатынасыңа, сеніміңе байланысты екен

Әсіресе психолог мамандығын таңдаған адамға жұмысқа ақша табу үшін, не басқа жұмыстың реті болмағасын амал жоқ-психолог болып, қалай болса солай қарым-қатынас жасауға мүлдем болмайды. Себебі балалық шақ бұл маңызды кезең, бұл үлкен өмірге дайындық немесе мектепке дайындық емес бұл баланың қазіргі өмірі, ертеңгі болашағы. Сол себепті, Елбасымыздың «Жастар жылының ашылуына арналған форумда «мамандықтан басқа мамандыққа секіріп, өзімді таппадым деп жүре бергенше, бір мамандықты жақсылып, меңгеріп соған өміріңді арна» деп бекер айтпады.

Сөзімді қорытындылай келе, мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, ол үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін еңбек. Кімде -кім өзінің мамандығын сүйіп, жүрек қалауымен қызмет етсе, өз басына да, қоғамға да үлкен пайда келтірмек.

Мамандығымыз - мақсатымыз, мақтанышымыз және болашағымыз болсын дегім келеді.

МАЗМҰНЫ

- *МҮСІРЕПОВА ГҮЛБАНУ БЕРКІНБАЙКЫЗЫ*
- *ТІЛЕМБАЕВА ДАНАГҮЛ БАҒДАТҚЫЗЫ*
- *ЖАКУПОВА САУЛЕ ЖАКСЫЛЫКОВНА*
- *РАБАТОВА ЛАУРА БАКТЫБАЙКЫЗЫ*
- *КЕНЖЕБАЕВА СВЕТЛАНА КОШКАРБАЕВНА*
- *КУМАЖАНОВА МЕРУЕРТ СЕРИКОВНА*
- *СЕЙТОВА АРДАК КЕНЖЕШОВНА*
- *ШАБИКОВА ЖУЛДУЗ БАЗАРБЕКОВНА*